

«Baby City» ЖШС

«Бекітілді»
«Baby City» ЖШС директоры
Сулимова М.К.
19.09.2022 ж. №2 кезектен тыс
педагогикалық кеңестің шешімімен



**«Қызықты математика» вариативтік компонентінің
преспективалық жоспары
2022-2023 оқу жылы
«Қарлығаш» мектепалды тобы**

Атырау қаласы

Қызықты математика пәні бойынша перспективалық жоспар

Ай	№	Тақырыбы:	Мақсаты:	Материалдар:	ҰОҚ-нің №
Қыркүйек	1	Кел, танысайық.	Аты – жөнін, мекен – жайын білуге үйрету. 1 – ден 10-ға дейін санауды жалғастыру, заттардың санын білу, санына сәйкес цифрмен белгілеуге үйретуді жалғастыру. Жалпақ геометриялық пішіндерді, түстерді, биік – аласа; қасында ұғымдарын бекіту, ойлау қабілеттерін арттыру.	Цифрлар, санауға арналған ұсақ ойыншықтар, геометриялық пішіндер, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 1 ҰОҚ
	2	Түзу сандық сызық.	Түзу, қисық, сынық сызықтар туралы түсінік беру. Түзу сандық сызық туралы түсінік беру. 1-ден 10-ға дейін тура, кері санауға жаттықтыру, заттардың санын білу, санына сәйкес цифрмен белгілеуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін арттыру.	Цифрлар, санауға арналған ұсақ ойыншықтар, таяқшалар, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 2 ҰОҚ
	3	Логикалық тапсырма.	Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын табуға үйрету. Бір саны бір бірлік екенін түсіндіру, бірлік туралы түсінік беру. 1-ден 20-ға дейін тура санауға жаттықтыру. Заттар көлемі туралы түсінік беруді, яғни шын өмірдегі нысандардың белгілерін анықтауға, салыстыруға және сипаттай білуге үйретуді жалғастыру (биік-аласа, үлкен-кіші). Ойлау қабілеттерін арттыру.	Цифрлар, санауға арналған ұсақ ойыншықтар, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 3 ҰОҚ
	4	Заттарды санау, бірге арттыру және кеміту.	+ (қосу), - (алу) таңбасымен таныстыру. 2 санының екі бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі саннан тұратынын түсіндіру. + таңбасын пайдалана отырып 2 санын алу жолын көрсету. Санды бірге арттыруға және кемітуге, аталған санға сәйкес санауға жаттықтыру. Геометриялық пішіндерді бекіту.	Цифрлар, санауға арналған ұсақ ойыншықтар, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 4 ҰОҚ

Қазан	5	Шартты есеп	Шартты есеп туралы түсінік беру және оны шығаруға үйрету. Қосу, алу таңбаларын бекіту, есептер шығаруға жаттықтыру. Геометриялық пішіндерді бекіту.	Цифрлар, геометриялық пішіндер, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 5 ҰОҚ
	6	Есептік санау.	«Қанша?», «Неше?» сұрақтарын дұрыс пайдалана отырып, есептік санауды бекіту. Кеңістікті бағдарлауға, ажыратуға, заттың нақты орындарын анықтауға жаттықтыру (оң-сол, жоғары - төмен). Шартты есеп туралы ұғымдарын бекіту.	Цифрлар, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 6 ҰОҚ
	7	Сан құрамы.	3 санының үш бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі саннан тұратынын түсіндіру. 3-ке дейінгі сандарды 1 санға арттырып үйрету. 2 санының құрамын бекіте отырып, есептер шығаруға үйрету. Ойлау қабілеттерін жетілдіру, геометриялық пішіндерді бекіту.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 7 ҰОҚ
	8	Есептік санау.	«Қанша?», «Неше?» сұрақтарын дұрыс пайдалана отырып, есептік санауды жалғастыру. Келесі санды бірге арттыру арқылы есептер шығаруға жаттықтыру. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 8 ҰОҚ
	9	Заттар тобын салыстыру.	Заттар тобын, сандарды салыстыруға үйретуді жалғастыру. «Көп», «аз», «тең» таңбаларымен таныстыру. Заттарды санына сәйкес цифрмен белгілеуге жаттықтыру. Геометриялық пішіндерді бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 9 ҰОҚ
Қараша	10	4 санының құрамы	4 санының төрт бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі саннан тұратынын түсіндіру. 4 - ке дейінгі сандарды 1 санға арттырып үйрену. + амалын пайдаланып есеп шығаруға жаттықтыру. 3 санының құрамын, жалпақ-жіңшке ұғымын бекіту. Ойлау қабілеттерін жетілдіру, саусақ моторикасын арттыру	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 10 ҰОҚ
	11	5 санының құрамы	5 санының бес бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі сан қосындысынан тұратынын түсіндіру. 5-ке дейінгі сандармен есептер шығару. Тура және кері кез келген саннан бастап санап үйрену. Геометриялық пішіндер: дөңгелек пен сопақшаны ажыратуға жаттықтыру.	Цифрлар, математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 11 ҰОҚ

	12	Сан құрамы	4, 5 санының құрамдарын бекіту. Сурет бойынша шартты есептерді шығаруға жаттықтыру. Тура, кері санауды бекіту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 12 ҰОҚ
	13	6 санының құрамы	6 санының алты бірліктен, құрамымен, яғни өзінен кіші екі саннан тұратынын түсіндіру. 6-ға дейінгі сандармен есептер шығару. Геометриялық пішіндер: дөңгелек пен сопақшаны ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Математикалық жиынтық, геометриялық пішіндер, «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 13 ҰОҚ
Желтоқсан	14	Реттік санау	«Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарын дұрыс пайдалана отырып, реттік санауға үйрету. Парақ бетін бағдарлауға, нысанның қағаз бетіндегі орнын айта білуін бекіту (оң жақта, сол жақта, жоғарғы оң жақ бұрыш, сол жақ төменгі бұрыш, т.т.) 6 санының құрамын бекіту.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 14 ҰОҚ
	15	7 санының құрамы	7 санының жеті бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі сан қосындысынан тұратынын түсіндіру. 7-ге дейінгі сандармен есептер шығару. Әр санның алдыңғы және кейінгі көршісін танып, білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 15 ҰОҚ
	16	Салыстыру	Кесіндімен таныстыру. Аталған сан бойынша заттарды санап алып топ құруға, оны салыстырып, «көп», «аз» таңбаларымен белгілеуге үйретуді жалғастыру. «Кеше», «бүгін», «ертең», «алдыңғы күні», «бүрсігүні» түсініктеріне бағдар жасауға баулу (Бүгін сейсенбі, кеше қай күн болды? Кеше дүйсенбі болса, бүгін қай күн? және т.с.с. сияқты сұрақтарға жауап беру) Ағымдағы апта күнін, айын атай білуін, аптаның барлық күндерінің бірізділігін білуін бекіту.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 16 ҰОҚ
	17	Жылдық кезеңдер	Бір жыл түсінігін қалыптастыру, бір жылда 12 ай, 4 жыл мезгілінің бірізділігі туралы түсінік беру. 7 – ге дейінгі сандармен есептер шығаруға жаттықтыру. Ағымдағы айды, апта күнін атауын бекіту.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 17 ҰОҚ

Қантар	18	8 санының құрамы	8 санының сегіз бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі сан қосындысынан тұратынын түсіндіру. 8-ге дейінгі сандармен есептер шығару. Әр санның алдыңғы және кейінгі көршісін танып, білуге үйрету.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 18 ҰОҚ
	19	Реттік санау	Күн жүйесінің планеталары туралы түсінік беру. Күннен бастағандағы планеталар реттілігі бойынша санауға, яғни реттік санауға үйретуді жалғастыру. «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарын дұрыс пайдалана отырып, жауап беруге жаттықтыру. 8 санының құрамын бекіту, есептер шығару.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 19 ҰОҚ
	20	9 санының құрамы	9 санының тоғыз бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші 2 сан қосындысынан тұратынын түсіндіру. Қосу, алу амалдарына есептер шығара отырып, суретті жаубына сәйкес бояуға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Математикалық жиынтық. «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 20 ҰОҚ
Ақпан	21	10 санының құрамы	10 санының он бірліктен және құрамымен, яғни өзінен кіші екі саннан тұратынын, оның бір ондық екенін түсіндіру, 2 таңбалы сан екенін көрсету. 10 - ға дейінгі заттарды ұзындығы бойынша арту тәртібімен қатарға орналастырып, салыстыру, «ұзын», «қысқа» ұғымын бекіту.	Математикалық жиынтық, цифрлар, «Занимаюсь математикой» дәптері 1 бөлім	№ 21 ҰОҚ
	22	11 санының құрылуы	Екінші ондық санын алдыңғы санға бірлік қоса отырып алуға болатынын, 11 санының бір ондықтан, бір бірліктен тұратынын түсіндіру. Геометриялық пішіндер туралы түсініктерін кеңейту, олардың бәріне ортақ белгілері - бұрыштары, қабырғалары болатынын түсіндіру.	Математикалық жиынтық, геометриялық пішіндер, таяқшалар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№22 ҰОҚ
	23	12 санының құрылуы	Қосылғыш, қосынды ұғымы туралы түсінік беру. Екінші ондық санын алдыңғы санға бірлік қоса отырып алуға болатынын, 12 санының бір ондықтан, екі бірліктен тұратынын түсіндіру. 11 санының бір ондықтан, бір бірліктен тұратынын бекіту. Есептер шығаруға жаттықтыру.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 23 ҰОҚ

	24	13,14 сандарының құрылуы	Екінші ондық санын алдыңғы санға бірлік қоса отырып алуға болатынын, 13, 14 сандарының бір ондықтан, үш бірліктен тұратынын түсіндіру. Қосылғыш, қосынды ұғымын бекіту. Тор көзді қағаз бетінде бағдар жасай білуге, нұсқау бойынша тапсырманы орындауға үйрету.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 24 ҰОҚ
Наурыз	25	15, 16 сандарының құрылуы	Екінші ондық санын алдыңғы санға бірлік қоса және алдыңғысынан бірлікті ала отырып алуға болатынын түсіндіруді жалғастыру. 15, 16 сандарының бір ондықтан, бес, алты бірліктерден тұратынын түсіндіру. 11, 12, 13 сандарының бір ондықтан және бірліктерден тұратынын және қосылғыш, қосынды ұғымын бекіту. Геометриялық пішін – төртбұрыш пен тік төртбұрыш айырмашылығы туралы түсінік беру.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, геометриялық пішін – төртбұрыш, тік төртбұрыш, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 25 ҰОҚ
	26	17, 18, 19 сандарының құрылуы	Азайғыш, азайтқыш, айырма ұғымдары туралы түсінік беру. Екінші ондық санын алдыңғы санға бірлік қоса және алдыңғысынан бірлікті ала отырып алуға болатынын түсіндіруді жалғастыру. 17, 18, 19 сандарының бір ондықтан, жеті, сегіз, тоғыз бірліктерден тұратынын түсіндіру. 11, 12, 13, 14, 15, 16 сандарының бір ондықтан және бірліктерден тұратынын бекіту.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, цифралар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 26 ҰОҚ
	27	Екінші ондық 20 санының құрылуы	Екінші ондық санын алдыңғы санға бірлік қоса және алдыңғысынан бірлікті ала отырып алуға болатынын түсіндіруді жалғастыру. 20 санының екі ондықтан тұратынын түсіндіру. Азайғыш, азайтқыш, айырма ұғымдарын бекіту.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, цифралар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 27 ҰОҚ
	28	Ондықтар	Келесі ондықтардың құралуын түсіндіре отырып, 30, 40, 50 –ге дейін ондықтармен санауға үйрету. Алу таңбасына есептер шығару. Азайғыш, азайтқыш, айырма ұғымдарын бекіту.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, цифралар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 28 ҰОҚ
Сәуір	29	Ондықтар	Келесі ондықтардың құралуын түсіндіре отырып, 60, 70, 80, 90 –ға дейін ондықтармен санауға үйретуді жалғастыру. Алу таңбасына есептер шығару. Азайғыш, азайтқыш, айырма ұғымдарын бекіту.	Математикалық жиынтық, таяқшалар, цифралар, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 29 ҰОҚ

	30	Геометриялық денелер – шар, куб.	Көру, сипап сезу, түйсіну органдары көмегімен заттарды (нысанды) қабылдауға үйрету. Зерттеу дағдысы арқылы көлемді геометриялық денелер - шар, кубқа тән ерекшеліктерді анықтауға үйрету. Геометриялық денелерді санына сәйкес цифрмен белгілеуге жаттықтыру. 1-ден 20-ға дейін тура, кері санауды, апта күндерін бекіту.	Математикалық жиынтық, геометриялық денелер, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 30 ҰОҚ
	31	Геометриялық денелер – пирамида, конус, цилиндр	Көру, сипап сезу, түйсіну органдары көмегімен заттарды (нысанды) қабылдауға үйрету. Зерттеу дағдысы арқылы көлемді геометриялық денелер пирамида, конус, цилиндрге тән ерекшеліктерді анықтауға үйрету. 1-ден 20-ға дейінгі сандармен есептер шығаруға жаттықтыру.	Математикалық жиынтық, геометриялық денелер, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 31 ҰОҚ
	32	Сағатпен таныстыру	Сағат, оны құрайтын циферблатпен, тілдерімен таныстыру. Сағат бойынша уақытты анықтауға болатынын (1 сағатқа дейін дәл) түсіндіру. Геометриялық денелерді бекіту.	Математикалық жиынтық, сағат макеті, геометриялық денелер, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 32 ҰОҚ
Мамыр	33	Сағат, оны құрайтын циферблатпен, тілдерімен таныстыруды, сағатпен 1 сағатқа дейінгі дәл уақытты анықтауды түсіндіруді жалғастыру. Геометриялық денелерді бекіту.	Сағат, оны құрайтын циферблатпен, тілдерімен таныстыруды, сағатпен 1 сағатқа дейінгі дәл уақытты анықтауды түсіндіруді жалғастыру. Геометриялық денелерді бекіту.	Математикалық жиынтық, сағат макеті, геометриялық денелер, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 33 ҰОҚ
	34	Сұйықтықты өлшеу	Сұйықтық көлемін шартты өлшеуіш көмегімен өлшеуге үйрету. Өлшеу нәтижесінде саны мен көлем шамасының арасындағы тәуелділікті түсіндіру. Есептер шығаруға жаттықтыру. Сағат туралы түсініктерін бекіту.	Математикалық жиынтық, сағат макеті, шартты өлшеуіштер, «Занимаюсь математикой» дәптері	№ 34 ҰОҚ

				2 бөлім	
35	Салмақ, салмақты салыстыру	Жеңіл және ауыр заттарды анықтауға үйрету. Заттың салмағы оның өлшеміне тәуелді емес екенін түсіндіру. Сағат туралы түсініктерін бекіту. Қосу амалына есептер шығаруға үйретуді жалғастыру.		Математикалық жиынтық, сағат макеті, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 35 ҰОҚ
36	Қорытынды	100-ге дейін санауға жаттықтыру, ондықтарды, сағат туралы білімдерін бекіту. Қосу, алу амалдарына есептер шығару.		Математикалық жиынтық, сағат макеті, «Занимаюсь математикой» дәптері 2 бөлім	№ 36 ҰОҚ

«Бекітемін»
«BABY CITY» ЖШС мектеп – балабақшасының
меңгерушісі

_____ Н. Бегалиева

Қызықты математика пәні бойынша перспективалық жоспар
Вариативтік бөлім
2019 – 2020 оқу жылы
Мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Самигонова Г.К.

Атырау қаласы

«Бекітемін»

«Baby City» ЖШС мектеп – балабақшасының
Меңгерушісі _____ Н.Г. Бегалиева

Қызықты математика пәні бойынша перспективалық жоспар

Вариативтік бөлім

2021 – 2022 оқу жылы

Мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Самигонова Г.К.

Атырау қаласы

«Бекітемін»
«Baby City» ЖШС мектеп – балабақшасының
Меңгерушісі _____ Н.Г. Бегалиева

Тілашар пәні бойынша перспективалық жоспар

Вариативтік бөлім
2021 – 2022 оқу жылы
Мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Самигонова Г.К.

Атырау қаласы

«Бекітемін»
«Baby City» ЖШС мектеп – балабақшасының
Меңгерушісі _____ Н.Г. Бегалиева

Жас зерттеуші пәні бойынша перспективалық жоспар
Вариативтік бөлім
2021 – 2022 оқу жылы
Мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Самигонова Г.К.

Атырау қаласы

